

**РММ «Қазак Ұлттық Өнер университеті»  
Дарынды балаларға арналған мамандырылған мектеп-интернат**

**«Теория музыка» ПЦК -сы**

**Сольфеджио пәні бойынша  
ҚҰӨУ оқуға түсу талаптары  
(барлық мамандықтар үшін)**

**(1-9 сыныптар)**

**Астана, 2024**

## **1 сыныпқа қабылданушы:**

1. Алдын ала дайындалған әнді әндету.

2. Мұғалім фортепианода екі мәрте ойнаған 2/4 немесе 3/4 өлшеміндегі екі-төрт такт әнді қайталау («та-та» немесе «ля-ля» секілді кез келген буындармен әндетуге болады. Фортепианода теріп ойнап берсе, тіпті жақсы).

3. Бір мезетте алынған дыбыстар санын табу. Мұғалім ойнаған немесе әндеткен интервалдар (терция, кварта, квинта, секста) мен аккордтарды (мажорлық үшдыбыстылық, секстаккорд, квартсекстаккорд, минорлық үшдыбыстылық, секстаккорд, квартсекстаккорд, кіші мажорлық септаккорд)әндету.

4. Мұғалім шапалақтап көрсеткен әуен ырғағын қайталау (төрттіктер, сегіздіктер, төрт оналтылық, сегіздік-екі оналтылық, екі оналтылық-сегіздік, пунктирлі ырғақ, нүктелі төрттік және сегіздік, триоль, синкопа).

## **2 сыныпқа қабылданушы:**

1. Тональдіктерді әндету:

\* Келесі көрсетілген тональдіктердің бірінде гамманы төмен-жоғары әндету (До-мажор, Соль-мажор, Фа-мажор, Ре-мажор табиғи түрінде; ля-минор, ми минор, ре минор табиғи және үйлесімдік түрде);

\* Үшдыбыстылық, басқыштар (тұрақты және тұрақсыз басқыштарды шешілуімен, ладтың тұрақсыз басқыштарын әндету);

2. Есту арқылы табу:

\* Тональдіктің әр түрлі басқыштары;

\* Мұғалім ойнаған екі, үш, төрт дыбыстан тұратын үндестіктер («та-та» буынында әндету немесе фортепианода ойнау);

\* 1-2 рет тыңдап өтілген тональдіктегі әуенді нота арқылы әндету (4 такт);

3. Фортепианода ойналған әуеннің ырғағын шапалақтау (әуендегі ұзақтықтар: бүтін, жартылық, нүктелі жартылық, төрттік, нүктелі төрттік, сегіздік, оналтылық. Затакт, паузалар.).

4. Дирижерлік етіп, 2/4 өлшеміндегі таныс емес әуеннің нотасын дайындықсыз парақтан әндету. Мысалдар: Фридкин Г. «Чтение с листа на уроках сольфеджио» - №№ 23-25, 32-36, 47-51.

## **3 сыныпқа қабылданушы**

1. Әндету:

\* Гамманы төменге және жоғарға (тональдіктер До мажор, ля минор, Соль мажор, ми минор, Ре мажор, си минор, Фа мажор, ре минор, Си-бемоль мажор, соль минор.) Мажорлық табиғи, минорлық (табиғи, үйлесімдік, әуендік);

\* Тоникалық үшдыбыстылық жоғарға және төмен;

\* Ладта әртүрлі басқыштарды (тұрақты және тұрақсыз шешілуімен );

\* Интервалдар ( тритондан басқа) берілген тональдіктегі басқышта;

\* таныс емес мажорлық немесе минорлық тональдіктегі әуеннің нотасын дайындықсыз парақтан әндету (өлшемдер 2/4, 3/4, 4/4). Мысалдар: Фридкин Г. «Чтение с листа наукоках сольфеджио» №№ 120-130.

### **Есту талдау:**

\* Ладтан тыс интервалдар (қарапайым диатоникалық) және аккордтар (мажорлық және минорлық үшдыбыстылықтар);

\* берілген тональностің сатын белгілеп ырғақты түрде интервалдар жүйелігін (2-3 интервал);

\* 4 тактқа тең қарапайым әуенді 1-2 рет тыңдап жазу. Дирижерлеп тәсілімен қоса нота атауларымен қайталау.

## **4 сыныпқа қабылданушы**

1. Өткен тональностерде (үш белгілерлі қоса) парақтан оқу

\* Гамманы жоғарыға және төменге (минорлық гамма 3түрі);

\*Басқыштарды ладта;

\* Диатоникалық интервалдар шешілуімен ладта ( тритондан басқа), ладта интервалдар жүйелігі (3-4 интервал);

\* Тоникалық,субдоминанталық және доминанталық үшдыбыстылықтар айналымдарымен.

2. Әуені тоникалық үшдыбыстықтың және оның айналымдарының дыбыстарында жоғарға немесе төменге қимылдайтың, квинта интервалына секірткіштер қоса диатоникалық секвенцияларды айту. Өлшемдері 2/4, 3/4 (секвенцияның жүру жағын өз ойы бойынша ).

3. Есту талдау:

\* ладтан тыс диатоникалық интервалдар;

\* мажорлық және минорлық үшдыбыстылықтар, секстаккордтар және квартсекстаккордтар дыбыстан;

\*интервалдар жүйелігі (3-4 интервал), («валторнаның алтың қадамын» жоғарғы және төменгі қозғалыста білу);

\* аккордтар жүйелігі (3-4 аккорд), бастапқы үшдыбыстылықтардың және айналымдарының шешуі бар гармониялық жүйеліктерді және өткінші, көмекші айналымдарды есту талдау.

4. таныс тональдіктегі аккордтар немесе интервалдар бар әуенді әндету (өлшемдер 2/4, 3/4, 4/4). Мысалдар: Г.Фридкин Г. - №№ 214,221,225,226.

## **5 сыныпқа қабылданушы**

**(уровень А – музыкалық дайындалумен). Барлық мамандықтар үшін.**

1. Қайталанған және қайталанбаған құрамымен, секвенттік қимылымен, вариациялық қайталануымен, қарама қарсы тональностте қарсылас түрде қимылымен бірдауысты жазбаша сынақхат. Өлшемдері — 2/4; 3/4; 4/4, 6/8; Көлемі - 8 такт. 4- кілттік белгісі бар тональностерге дейін (натуралдық мажор мен минор, гармониялық және әуенедік минор). Ырғақты топтар: пунктир ырғағы, синкопа, және олардың жалғыз түрде немесе басқа ырғақты топтар

қосындысында пайдалануы; лигамен ноталар; затакт: сегіздік, төрттік, екі сегіздік; паузалар – төрттік және сегіздік. Ойнау саны - 8 рет 1,5-2 минут аралығында.

2. Тональдікте әндету:

\* Гамманы;

\* Әуені тоникалық үшдыбыстықтың және оның айналымдарының дыбыстарында жоғарға немесе төменге қимылдайтың, секста интервалына секірткіштер қоса диатоникалық секвенцияларды айту. Өлшемдері 2/4, 3/4, 4/4, 6/8 (секвенцияның жүру жағын өз ойы бойынша ).

\* IV және VII(#) басқыштардағы тритондар табиғи мажорда және үйлесімді минорда;

\*  $T^5_3$ ,  $S^5_3$ ,  $D^5_3$ , айналымдарымен ,  $VII^5_3, D_7$  тоникаға шешілуімен.

3. Жоғарға және төменге бөлек интервалдарды дыбыстан әндету ( барлық үлкен, кіші, таза, тритондар), мажорлық үшдыбыстылықтар, секстаккордар, квартсекстаккордар,  $D_7$ .

4. таныс емес әуеннің нотасын дайындықсыз парақтан әндету. Мысалдар: Г. Фридкин «Чтение с листа на уроках сольфеджио» №№264, 265, 266, 292, 295, 279, 280, 426.

5. Есту талдау:

\* бөлек интервалдар (тритондар қоса) және аккордтар (мажорлық және минорлық үшдыбыстылықтар, секстаккордтар, квартсекстаккордтар,  $KY_7$ , кіш.<sup>5</sup><sub>3</sub>);

\* Интервалдар жүйлігі ладта (4-5 интервал) ырғақта, берілген тональдікте басқыштарды белгіле отыра;

\* Тональдікте үйлесімдік жүйлігі (4-5 аккорд), өткінші, көмекші айналымдарды есту талдау қоса,  $D_7$  айналымдарымен,  $VII^5_3$  ойнау саны 2.

## **5 сыныпқа қабылданушы (уровень Б – толық музыкалық дайындықсыз).**

**«Эстрадалық ән», «Эстрадалық музыкалық аспаптары», «Дәстүрлі ән салу», «Хорға дирижерлеу» мамандықтары үшін.**

Тональдікте әндету:

\* Гамманы төменге және жоғарға (тональдіктер 2 белгіні қоса.) Мажорлық табиғи, минорлық (табиғи, үйлесімдік, әуендік);

\* Ладта әртүрлі басқыштарды (тұрақты және тұрақсыз шешілуімен );

\* Тоникалық үшдыбыстылық жоғарға және төмен;

2. Әндету немесе фортепианода дыбыстан жоғарға және төменге бөлек интервалдар.

3. Мұғалім шапалақтап көрсеткен әуен ырғағын қайталау (бүтін, жартылық, жартылық нүктесімен, төрттіктер, төрттік нүктесімен сегіздік, екі сегіздіктер, оналтылық, сегіздік-екі оналтылық, екі оналтылық-сегіздік, үзілістер).

4. Есту талдау:

\* бір октава ішіндегі интервалдар ( тритондардан басқа);

\* Аккордтар (мажорлық және минорлық үшдыбыстылық).

5. таныс емес әуеннің нотасын дайындықсыз парақтан әндету. Мысалдар: Г. Фридкин «Чтение с листа на уроках сольфеджио» №№23-25, 32-36, 47-51.

### 6 сыныпқа қабылданушы

1. Төрттік нүктесімен және екі он алтылық, синкопа, триоль ырғақты топтарының қосуымен 8-10 такт көлемінде бір дауысты диктант жазу. Өлшемдер 3\4, 4\4, 6\8. Ойнау саны 8 рет. Диктант бас кілтінде болуы мүмкін.

Тональдіктер — 5 белгілер қоса (табиғи және үйлесімдік мажор, минор 3 түрі).

2. Тональдікте әндету:

\* гамманы жоғарға және төмен (табиғи және үйлесімдік мажор, табиғи, үйлесімдік, әуендік минор);

\* интервалдар шешуімен (барлық диатоникалық интервалдар, табиғи және үйлесімді ладтарда қоса тритондар);

\*  $T^5_3$ ,  $S^5_3$ ,  $D^5_3$  айналымдарымен және шешілуімен;

\* кішірейтілген үшдыбыстылық VII басқышта(#);

\*  $D_7$  айналымдарымен және шешілуімен;

3. Дыбыстан жоғарға және төменге әндету:

\* диатоникалық интервалдар;

\* ұлғ4 және кіш5 шешілуімен 2 тональдікке;

\* мажорлық және минорлық аккордтар ( $S$ ,  $D$  шешілуін орындау білу);

\* кішірейтілген үшдыбыстылық шешілуімен 2 тональдікке;

\*  $D_7$  шешілуімен 2 тональдікке;

4. Есту талдау:

\* интервалдар және аккордтар ладтан тыс;

\* интервалдық және гармоникалық жиілігі тональдікте (5—6 элемент).

5. Парақтан таныс емес әуенді әндету, оның құрамында тритон интонациясы,  $D_7$  дыбыстары бойынша, Кіш<sup>5</sup><sub>3</sub>(дирижерлеу тәсілімен); транспорт парақтан секундаға жоғарға немесе төмен. Мысалдар: Г.Фридкин «Чтение с листа на уроках сольфеджио» №№ 243, 248, 251.

### 7 сыныпқа қабылданушы

1. 8 такт құрамында біртональдік, доминанта немесе параллельдік тональдікке модуляциясы бар диктант жазу; хроматикалық қосымша немесе өтпелі дыбыстар қосылуымен;  $D_7$  және айналымдарының дыбыстарымен жүрген әуен, VII<sub>7</sub>, II<sub>7</sub> (бастапқы түрде); тритондарға секіру, ерекше интервалға; лигамен қосылған дыбыстардың ырғақты фигурасы. Ойнау саны 8—9 рет.Тональдіктер 6 белгілер қоса.

2. Тональдікте әндету:

\* гамманы (минордың 3 түрі, табиғи және үйлесімді мажор);

\* тритондар табиғи және үйлесімді мажор және минор;

\* ерекше интерваллар (ұлғ2-кіш7, ұлғ5-кіш4);

\* ладтың бастапқы үшдыбыстылықтары, Кіш<sup>5</sup><sub>3</sub> VII және II бас. Айналымдарымен және шешілуімен.

\* D<sub>7</sub> айналымдарымен және шешілуімен, VII<sub>7</sub> мажорда және минорда (кіші және кішірейтілген кіріспе) тоникаға шешілуімен.

3. Дыбыстан жоғарыға және төменге әндету:

\* октава шегінде интервал (барлық диатоникалық интервалдар, тритондар 4 тональдікке шешілуімен, ерекше интервалдар шешілуімен 2 тональдікке);

\* мажорлық және минорлық үшдыбыстылық аккордтар шешілуімен S және D ретінде;

\* Кіш<sup>5</sup><sub>3</sub> 4 тональдікке шешілуімен;

\* D<sub>7</sub> айналымдарымен 2 тональдікке шешілуімен;

\* КішVII<sub>7</sub> шешілуімен 2 тональдікке.

4. Есту талдау:

\* бөлек интервалдар (к<sub>3</sub>, ү<sub>3</sub>, к<sub>6</sub> және ү<sub>6</sub> энгармоникалық ауыстырумен және кейінгі шешілуімен) және аккордтар;

\* интервалдық және гармоникалық жүйеліктер тональдікте (6—7 элемент) ойнау саны 2.

5. Парақтан бес белгіге дейін тональдіктерде таныс емес әуенді әндету, өткен ырғақтар қосуымен, әуеннің кіш<sup>5</sup><sub>3</sub>, ұлғ<sup>5</sup><sub>3</sub>, D<sub>7</sub> айналымдарымен басқыштарымен жүруі, VII<sub>7</sub>, II<sub>7</sub>, үйлесімді мажорда. Транспорт секундаға жоғарға және төменге. Мысал: Г. Фридкин «Чтение с листа на уроках сольфеджио», №№ 333, 337, 345, 347, 362.

## 8 сыныпқа қабылданушы

1. 8 такт құрамында біртональдік, период формасында туыс тональдіктерге ауытқу қоса диктант жазу; хроматикалық қосымша немесе өтпелі дыбыстар қосылуымен; әуенде үлкен интервалдарға секіруімен(секста, септима), ерекше интервалға, кіріспе септаккорд дыбыстары бойынша, кішірейтілген үшдыбыстылықтар бойынша жүру; лигамен қосылған дыбыстардың, триоль, синкопа ырғақты фигурасы болу тиіс. Ойнау саны 8—9 рет.

2. Тональдікте әндету(7 белгі қоса).

\* гамманы (минордың 3 түрі, табиғи және үйлесімді мажор);

\* тритондар табиғи және үйлесімді мажор және минор;

\* ерекше интерваллар (ұлғ<sup>2</sup>-кіш<sup>7</sup>, ұлғ<sup>5</sup>-кіш<sup>4</sup>);

\* ладтың бастапқы үшдыбыстылықтары, Кіш<sup>5</sup><sub>3</sub> айналымдарымен және шешілуімен, Ұлғ<sup>5</sup> шешілуімен.

\* D<sub>7</sub> айналымдарымен және шешілуімен, VII<sub>7</sub> мажорда және минорда (кіші және кішірейтілген кіріспе) тоникаға шешілуімен. II<sub>7</sub> мажорда және минорда (кіші минорлық және кіші кішірейтілген квинтамен) шешілуімен.

3. Дыбыстан жоғарыға және төменге әндету:

\*халық музыкасының ладтары (локрийскийдан басқасын), мажорлық және минорлық пентатоника;

\* октава шегінде интервал (барлық диатоникалық интервалдар, тритондар 4 тональдікке шешілуімен, ерекше интервалдар шешілуімен 2 тональдікке);

\* мажорлық және минорлық үшдыбыстылық аккордтар шешілуімен S және D ретінде, туыс тональдіктерді білу;

\* Кіш<sup>5</sup><sub>3</sub> айналымдарымен 4 тональдікке шешу;

\* Ұлғ<sup>5</sup><sub>3</sub> айналымдарымен 2 тональдікке шешу;

\* КҮ<sub>7</sub> айналымдарымен 2 тональдікке шешу;

\* Кіш<sub>7</sub> 2 тональдікке шешу.

4. Есту талдау:

\* диатоникалық интервалдар, тритондар және ерекше интервалдар ладта және дыбыстан, энгармоникалық ауыстырумен (к3 = ұлғ2, ү3 = кіш4, кб = ұлғ5, үб = кіш7, ұлғ4 = кіш5); және аккордтар (өткендерден);

\* интервалдық және гармоникалық жүйеліктер тональдікте, ырғақта (8—10) ойнау саны 2.

5. Парақтан таныс емес хроматизммен, модуляциямен, ауытқумен өткен интервалдар және аккордтаар дыбыстары бойынша әуенді әндету. Транспорт секундаға, терцияға жоғарға және төменге. Мысал: П.Драгомиров «Учебник сольфеджио», №№ 171-177, 196-203.

## 9 сыныпқа қабылданушы

1. 8 такт құрамында біртональдік, период формасында туыс тональдіктерге ауытқу және модуляция туыс тональдіктерге қоса диктант жазу; хроматикалық қосымша немесе өтпелі дыбыстар қосылуымен; ладтық альтерациясы қоса, әуенде ерекше интервалдарға секіруімен, кіріспе септаккорд дыбыстары бойынша, кішірейтілген үшдыбыстылықтар бойынша жүру; лигамен қосылған дыбыстардың, триоль, синкопа ырғақты фигурасы болу тиіс. Ойнау саны 8—9 рет.

2. Тональдікте әндету(7 белгі қоса).

\* гамманы (минордың және мажордың 3 түрі);

\* тритондар табиғи және үйлесімді мажор және минор;

\* ерекше интерваллар (ұлғ2-кіш7, ұлғ5-кіш4);

\* ладтың бастапқы үшдыбыстылықтары, Кіш<sup>5</sup><sub>3</sub> айналымдарымен және шешілуімен, Ұлғ<sup>5</sup><sub>3</sub> шешілуімен.

\* D<sub>7</sub> айналымдарымен және шешілуімен, VII<sub>7</sub> мажорда және минорда (кіші және кішірейтілген кіріспе) тоникаға шешілуімен. II<sub>7</sub> мажорда және минорда (кіші минорлық және кіші кішірейтілген квинтамен) D<sub>7</sub> тоникаға шешілуімен .

3. Дыбыстан жоғарыға және төменге әндету:

\*халық музыкасының ладтары (локрийскийдан басқасын), мажорлық және минорлық пентатоника;

\* октава шегінде интервал (барлық диатоникалық интервалдар, тритондар сегіз тональдікке шешілуімен, ерекше интервалдар шешілуімен 2 тональдікке);

\* мажорлық және минорлық үшдыбыстылық аккордтар шешілуімен S және D ретінде, туыс тональдіктерді білу;

\* Кіш<sup>5</sup><sub>3</sub> айналымдарымен 4 тональдікке шешу;

\*  $\text{Үлғ}_3^5$  айналымдарымен 2 тональдікке шешу;

\*  $\text{КҮ}_7$  айналымдарымен 2 тональдікке шешу;

\*  $\text{Кіш}_7$  2 тональдікке шешу.

4. Есту талдау:

\* диатоникалық интервалдар, тритондар және ерекше интервалдар ладта және дыбыстан, энгармоникалық ауыстырумен ( $\text{к3} = \text{үлғ2}$ ,  $\text{ү3} = \text{кіш4}$ ,  $\text{к6} = \text{үлғ5}$ ,  $\text{ү6} = \text{кіш7}$ ,  $\text{үлғ4} = \text{кіш5}$ ); және аккордтар (өткендерден);

\* интервалдық және гармоникалық жүйеліктер тональдікте, ырғақта (8—10) өлшемдер  $3\backslash 4$ ,  $4\backslash 4$ ,  $6\backslash 8$ , ойнау саны 2.

5. Парақтан таныс емес хроматизммен, модуляциямен, ауытқумен өткен интервалдар және аккордтаар дыбыстары бойынша әуенді әндету. Транспорт секундаға, терцияға жоғарға және төменге. Мысал: П. Драгомиров «Учебник сольфеджио», №№ 213-215, 235-238.